

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы құрлықаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын құрту, авариялық жағдайлардың зардаптарын жою және ядролық қаруды таратуды болдырмауға қатысты келісімді жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 4 қазан N 1300

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы 1993 жылғы 13 желтоқсандағы құрлықаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын құрту, авариялық жағдайлардың зардаптарын жою және ядролық қаруды таратуды болдырмауға қатысты келісімге сәйкес, ынтымақтастықты дамыту және бұрынғы қорғаныс кәсіпорындары мен объектілерін конверсиялау үшін Нанн-Лугар қорынан грант алған конверсиялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аталған келісім шеңберінде Нанн-Лугар бағдарламасы бойынша конверсиялық жобаларды жүзеге асыруды "Kamed Resources", "KK InterConnect" және "Нурсат", "Белкамит" бірлескен кәсіпорындары іске асыратындығы ескерілсін. <*> <*>

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚРМК-нің 1996.01.10. N 40 қаулысымен. P960040_

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.11.01. N 1334 қаулысымен. P961334_

2. Аталған бірлескен кәсіпорындардың кеден баж салықтары мен алымдарын қоса бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығының 1-бабының 3-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының 6-бабының негізінде осы келісімнің 9-бабына сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет Нанн-Лугар бағдарламасының жобаларына тартылған конверсияланатын қорғаныс кәсіпорындары мен объектілерін жекешелендіру жөніндегі жеке жобаларды салалық министрліктермен бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің бекітуіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК